



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№6 (966) Сәрсенбі 11 ақпан 2026 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

АЙМАҚ БАСШЫСЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫНДА БАЯНДАМА ЖАСАДЫ



Астана қаласында Конституциялық Сот төрағасы Эльвира Әзімованың төрағалығымен Конституциялық кеңестің кезекті отырысы өтті.

Онда Ата Заңға енгізілетін өзгерістер жан-жақты талқыға түсті. Кезекті отырыста Қызылорда облысының әкімі, Конституциялық комиссия мүшесі Нұрлыбек Нәлібаев баяндама жасап, өңірлер үшін жаңа Конституция жобасының практикалық маңызы зор екенін айтты.

"Бүгінде Қазақстан ауқымды өзгерістің, түбегейлі бетбұрыстың алдында тұр. Халқымыз ұлт жылынамасындағы жаңа кезеңге қадам басуда. Президентіміздің қатысуымен Сыр өңірінде өткен Ұлттық құрылтайдың қорытынды бесінші отырысы тарихи миссиясы айрықша мазмұнға ие алқалы жиын болды.

Құрылтайда еліміздің келешек бағдары айқындалып, қоғамдағы ең өзекті мәселелер ашық талқыланды. Президентіміз бұған дейінгі ауқымды саяси реформаларының жалғасы ретінде Конституциялық реформаға қатысты өз ұстанымдарын жеткізді.

Ел тарихындағы маңызды шешімдерді ұсынды. Конституциялық реформа – еліміздің саяси жаңғыруына, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын күшейтуге, қоғам мен мемлекет

арасындағы өзара сенімді нығайтуға бағытталған.

Өңірлер үшін жаңа Конституция жобасының практикалық маңызы зор. Құжатта әкімдіктер күнделікті жұмыс барысында бетпе-бет келетін мәселелер қамтылған.

Бұл – су мен жер ресурстарын тиімді пайдалану, экологиялық жағдай, әлеуметтік қорғау, білім беру, аймақтардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету.

Конституция жобасы біз үшін, ең алдымен, шешімдер қалай қабылданатынын, оның жүзеге асырылуына мемлекет қандай жауапкершілік алатынын айқындайды.

Сонымен қатар, мемлекеттің Егемендігін нығайтуға, азаматтар алдындағы жауапкершілігін арттыруға бағытталған тың тұстарын ерекше атап өту қажет.

Маңызды құжатқа әсіресе, экологиялық қауіпсіздік мәселесіне айрықша мән берілген. Қызылорда облысы үшін бұл нормалардың маңызы өте зор.

Аралды құтқару – барша адамзат үшін әлі де өте өзекті міндет. Арал теңізінің тағдыры – ауыр сабақ. Оның салдарын бүгінгі күнге дейін сезініп келеміз.

Мемлекеттің қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ету міндетін, азаматтардың экологиялық қауіпсіздікке

қатысты құқығын, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін ақпарат үшін артылатын жауапкершілік туралы нормаларды біз толық әрі саналы түрде қолдаймыз.

Бұл – біздің өңір үшін тек жалпылама айтылған ұран сөз емес, болашақ үшін маңызы айрықша құқықтық кепіл. Жаңа Конституция жобасының маңызды бағыттарының бірі – мемлекеттің әлеуметтік жауапкершілігін күшейту. Бұл құжат адам құқықтарын қорғауға, өңірлерді қолдауға, әлеуметтік теңсіздікті төмендетуге бағытталған.

Атап айтқанда, ауылдық аумақтардың дамуына, жұмыс орындарын құруға, инфрақұрылымды жаңғыртуға, қолжетімді әлеуметтік қызметтерді жүйелі іске асыруға, халық алдындағы міндеттемелерді толық орындауға мүмкіндік береді.

Елімізде адами капиталды дамыту үшін білім беруді стратегиялық басымдық ретінде бекітеді. Жаңа Конституция жобасын қолдаймыз. Себебі, бұл құжат өңірлерді дамытудың шынайы қажеттіліктерін, аймағымыздың экологиялық жағдайы мен тұрақты даму мәселелерін толық қамтиды. Ең негізгісі, адам мен табиғат және мемлекет мүдделері біртұтас жүйе ретінде қарастырылған. Бұл – жауапкершілік, тұрақтылық және жарқын болашаққа бағытталған таңдау!",- деді аймақ басшысы.

Сондай-ақ, отырыста Конституциялық Сот Төрағасының орынбасары Бақыт Нұрмұханов Ата Заң жобасының жекелеген ережелерінің редакцияларын қайта форматтау және нақтылау туралы пікір білдірді.

ҚР Парламенті Сенаты жанындағы Инклюзия жөніндегі кеңестің төрағасы Ләззат Қалтаева Ата Заң мәтінін Брайль форматына бейімдеуді ұсынды.

«Еңбек адамы – экономиканың құралы емес, мемлекеттің басты құндылығы» тақырыбында депутат Максим Рожин, цифрлық ортада азаматтардың құқықтарын қорғаудың маңыздылығы туралы философия, саясаттану және дінтану институтының басшысы Айгүл Сәдуақасова айтты. Ақтөбе облыстық мәслихатының төрағасы Гүлқасима Сүйінтаева Конституцияда некенің еріктілігі қағидатын бекіту, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Ұлттық волонтерлік желі» заңды тұлғалар бірлестігінің басшысы Вера Ким волонтерлікті ынталандыруды бекіту туралы бастама көтерді.

Премьер-министрдің орынбасары - Мәдениет және ақпарат министрі, Конституциялық реформалар жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары Аида Балаева: «Елшік медициналық көмек пен білім алу құқығынан айырылмайды», -деп атап өтті.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі



ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫНА МАҢЫЗДЫ ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛДІ

Астанада Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтіп, Конституциялық Сот төрағасының орынбасары Бақыт Нұрмұханов волонтерлік қызметті конституциялық деңгейде бекіту туралы ұсыныс білдірді. Азаматтар, қоғамдық ұйымдар, ғалымдар мен заңгерлер қауымдастығының бірқатар ұсынысы негізінде жаңа Конституция жобасына маңызды толықтырулар енгізілген.

Соның ішінде волонтерлік қызметтің қоғам дамуы мен қоршаған ортаны қорғаудағы маңыздылығы ескеріліп, бастама қолдау тапты. Конституцияның 31-бабының 2-тармағы «Қазақстан Республикасында ерікті әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қамсыздандырудың өзге де нысандарын құру, волонтерлік қызмет пен қайырымдылықты ынталандыру» туралы нормамен толықтырылды.

Сонымен қатар ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбенев жаңа Конституцияда саяси жүйені неғұрлым икемді етуге бағытталған ұсыныстарын айтты. Оның сөзінше, Конституция жобасына жасанды әрекетсіздік пен ұзаққа созылған институционалдық дағдарыстардың алдын алуға арналған құқықтық тетіктер енгізілген.

Атап айтқанда, 46 және 62-баптардағы «Президент тарағады» деген тұжырымды «Президент тарағуға құқылы» деп өзгерту ұсынылды. Бұл Құрылтайды жасанды түрде тарату қаупін азайтып, саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған.

Бұдан бөлек, Вице-Президент институтын енгізу логикасына түсініктеме берді.

«Біз әлемдік қоғамдастыққа жақсы таныс Vice-President түсінікті және мойындалған халықаралық моделін саналы түрде таңдаймыз. Бұл Қазақстанның танымалдығы мен саяси салмағын арттырады және біздің билік жүйемізді сыртқы серіктестер үшін барынша түсінікті етеді», – деп түсіндірді.

Кезекті отырыста ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Ақ жол» партиясы фракциясының жетекшісі Азат Перуашев жаңа Конституцияда меншік нысандарын институтын кеңейту туралы айтты. Нархоз университетінің профессоры Виктор Малиновский Конституцияда жарияланған адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары кез келген заңды қабылдаудың негізгі критерийі мен мақсаты болуы тиіс екеніне тоқталды. Әділет министрлігінің Заңнама және құқықтық ақпарат институтының басшысы Индира Әубәкірова: «Конституция жобасы мына екі ұғымды нақты ажыратады: адамның құқықтары мен бостандықтары, азаматтың құқықтары мен міндеттері» деп атап өтті. Саясаттанушы Марат Шибұттовтың айтуынша, Конституция жобасы референдумға шығаруға дайын.

Еске салсақ, аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев Конституциялық комиссияның мүшесі ретінде комиссия отырыстарына, жекелеген жұмыс секцияларындағы талқылауларға қатысуда.



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2026 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 4502 теңге 22 тиын

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 705 982 76 61,
8 777 752 54 63.

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ИНСТИТУТТАРЫМЕН ӨЗАРА ҰНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ



«Достық» үйінің мәжіліс залында үкіметтік емес ұйымдар төрағалары мен облыстық басқармалар басшыларының қатысуымен мазмұнды басқосу өтті.

Басқосудың басты мақсаты – азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту, сондай-ақ өңірдегі өзекті әлеуметтік мәселелерді ашық әрі сындарлы форматта талқылау.

Іс-шараға Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Уалихан Ибраев, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Ғалымжан Еркебай, облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жаңыл Абубакирова, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Азамат Мынбаев, облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Рысбек Шайхиев, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдардың жетекшілері мен өкілдері қатысты.

Жиында «Қызылорда облысының Үкіметтік емес ұйымдарының Альянсы Ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігінің төрайымы Анар Ізден жүргізіп, пікір алмасудың жүйелі әрі ашық өтуіне ықпал етті.

Кездесу барысында облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары

Уалихан Ибраев өңірде үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және серіктестік аясында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, азаматтық сектордың әлеуметтік-экономикалық даму үдерісіндегі маңызды рөлін атап өтті.

Сондай-ақ, сала бойынша жауапты облыстық басқарма басшылары мен орынбасарлары өз бағыттары аясында баяндама жасап, атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарлар туралы ақпарат берді.

Сонымен қатар, ҰЕҰ жетекшілері басқарма басшыларына еркін форматта сауалдар қойып, көтерілген мәселелер бойынша нақты әрі жан-жақты жауаптар алды. Атап айтқанда, мемлекеттік әлеуметтік маңызы бар жобалардың тізбесін жаңарту, табиғи ресурстар мен ауыл шаруашылығын дамыту бағытындағы бастамаларды іске асыру мәселелері кеңінен талқыланды.

Бұдан бөлек, ұрыс даласы оқиғаларының ардагерлері мен ерекше баласы бар ата-аналар одағы өкілдері денсаулық сақтау, жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау салаларына қатысты бірқатар ұсыныстарын білдірді. Атап айтқанда, мүмкіндігі шектеулі жандарды курорттық-санаторлық емдеумен қамту, ерекше балалардың ата-аналарына арналған тұрақты жұмыс орындарын ашу мәселелері көтеріліп, қатысушылар арасында мазмұнды пікір алмасу өтті.

Брифинг



ҚАЛАЛЫҚ САНИТАРИЯЛЫҚ- ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ БЕЙБІТ БИДАШ БАЯНДАЙДЫ

Қала бойынша 2 155 нысан бақылауға алынды. Оның 1133-сі эпидемиялық маңыздылығы жоғары санатқа жатқызылды. Профилактикалық бақылау мен жоспардан тыс тексерулер нәтижесінде анықталған бұзушылықтар бойынша заңнамаға сәйкес шаралар қабылданды.

2025 жылы қаладағы эпидемиологиялық жағдайды талдау барысында бірқатар инфекциялық аурулар бойынша қауіптің сақталып отырғаны анықталды. Қызылша, жіті ішек инфекциялары, туберкулез, жұқпалы тері аурулары және вакцинамен басқарылатын инфекциялар бойынша тіркелімдер орын алды. Қызылша жағдайларының басым бөлігі екпе алмаған балалар арасында тіркелді.

Аса қауіпті және зооноздық инфекциялардың алдын алу мақсатында құтыруға, бруцеллезге және кенелер арқылы таралатын ауруларға

қарсы кешенді профилактикалық шаралар ұйымдастырылды. Кенеге қарсы өңдеу жұмыстары қолайсыз аймақтарда 407 гектар жер көлемі қамтылды.

Халықтың санитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету шеңберінде өнімдердің сапасына бақылау күшейтілді. Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 16 қаулысы рәсімделіп берілді. Зертханалық тексерулер нәтижесінде талаптарға сай келмейтін 191 л. сүт өнімі, 316кг. тұрмыстық химия заттары, 199 дана ойыншықтар, 8 дана рюкзак өнімдері айналымнан алынып, жедел ден қою шаралары қолданылды.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖҮЙЕСІ: ӨҢІРДЕГІ НАҚТЫ НӘТИЖЕ МЕН ЖОСПАР

Қызылорда облысында халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қолдау бағытында жүйелі жұмыстар атқарылуда. 2025 жылы облыс әкімі бекіткен «2025 жылға арналған өңірлік жұмыспен қамту жол картасы» аясында жоспарланған көрсеткіштер толық орындалып, нақты нәтижелерге қол жеткізілді.

Аталған мәселе Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен брифинг барысында кеңінен баяндалды. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жаңабаявтың айтуынша, жыл басынан бері өңірде 46 560 адамды жұмыспен қамту жоспарланып, іс жүзінде 46 603 адам жұмысқа орналастырылған. Осылайша, жоспар 100,3 пайызға орындалып, оның 68,5 пайызы тұрақты жұмыс орындарының үлесіне тиесілі болды.

– Өңірлік жол картасының әрбір бағыты бойынша бекітілген жоспар артығымен орындалды. Жыл басынан бері 118 бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылып, 6 429 бос жұмыс орны ұсынылды. Нәтижесінде 2 041 адам тұрақты, 1 123 адам уақытша жұмысқа орналасты, ал 4 533 азаматқа кеңес берілді. Сонымен қатар, Мемлекет басшысының «10 мың тұрғынға 100 жаңа жұмыс орнын құру» тапсырмасы аясында өңірде 13 512 адам тұрақты жұмыспен қамтылып, жоспар 26,8 пайызға артығымен орындалды. Бұл көрсеткіштер аймақтағы еңбек нарығының оң серпіні алғанын көрсетеді – деді басқарма басшысы.

Жұмыссыздық деңгейі де төмендеген. Өңірде жалпы жұмыссыздық көрсеткіші 4,6 пайызға дейін қысқарып, республикалық деңгеймен теңесті. Ал жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3,4 пайыз шамасында тұрақтады.



Брифинг барысында әлеуметтік қолдау шаралары да назардан тыс қалған жоқ.

– Жергілікті атқарушы органдардың шешімімен әлеуметтік қолдауды қажет ететін 10 157 адамға тиісті төлемдер жасалып, әлеуметтік қызметтер порталы арқылы 36 779 мүгедектігі бар азамат 35 454 техникалық оңалту құралдары және қызметтерімен толық қамтамасыз етілді. Биылғы жылы да әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту саласында бірқатар нақты міндеттер айқындалды. Өңірлік жол картасы шеңберінде 26 234 жаңа жұмыс орнын құру,

жалпы жұмыссыздық деңгейін 4,8 пайыз, жастар арасындағы көрсеткіші 3,4 пайыз деңгейінде ұстап тұру көзделіп отыр. Сонымен қатар, мүгедектігі бар азаматтардың оңалту бағдарламаларын орындау үлесін кемінде 90 пайызға жеткізу, 360 инфрақұрылым нысанын бейімдеу және әлеуметтік көмекті нақты мұқтаж жандарға бағыттау жоспарланған, – деді Ғабит Жұмабекулы.

Айта кету керек, әлеуметтік төлемдердің уақытылы берілуін қамтамасыз ету, арнаулы әлеуметтік қызметтерді жан басына шаққандағы қаржыландыру жүйесіне толық көшіру де алдағы кезеңнің басым бағыттарының бірі болып қала бермек. Бұл бағыттағы жұмыстар өңірде алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасын табатын болады.



ИНДОНЕЗИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ ДОСТЫҚ ҮЙІНДЕ

Қызылорда қаласына Индонезия Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Мохамед Фаджрул Рахман бастаған делегация ресми сапармен келді. Сапардың аясында делегация мүшелері Достық үйіне барып, мекеменің қызметімен танысты.

Іс-шара барысында шетелдік меймандарға Достық үйінің мақсаты мен міндеттері, сондай-ақ өңірдегі қоғамдық келісімді сақтау және этносаралық татулықты нығайту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар таныстырылды. Елші бастаған топ этномәдени орталықтардың жұмыс бөлмелерін аралап, түрлі этностардың мәдениеті мен салт-дәстүрін сақтауға жасалған

жағдайларға жоғары баға берді.

Делегация құрамындағы индонезиялық студенттер Сыр өңірінің мәдени-әлеуметтік әлеуеті мен Достық үйінің жұмысы туралы арнайы бейнематериал дайындауда. Аталған ақпараттық материал алдағы уақытта Индонезия Республикасында екі ел арасындағы мәдени байланыстарды насихаттау мақсатында көрсетілетін болады.



ШОРТ-ТРЕКТЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА ЕЛ БІРІНШІЛІГІ БАСТАУ АЛДЫ

Қызылорда қаласындағы «Мүз айдыны» спорт кешенінде қысқы спорт түрі шорт-тректен кіші жасөспірімдер арасында Қазақстан Республикасының чемпионатының ашылу салтанаты өтті.

Салтанатты шараға Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бахтияр Ғарифоллаұлы қатысушыларға сәттілік пен жеңіс тілеп, спортшыларға жылы лебізін білдірді.

– Ең алдымен баршаңызды қысқы спорттың ерекше түрі шорт-тректен ел біріншілігінің ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Өздеріңіз білетіндей, қазір Италия елінің Милан қаласында 25-ші Қысқы Олимпиада ойындары өтуде. Осы ретте, еліміздің намысын әлемдік аренада қорғап жүрген отандық спортшыларымызға сәттілік пен жеңіс тілейміз!

Бүгінде өңірімізде спорттың барлық түрі қарқынды түрде дамып келеді. Соның ішінде қысқы спорт түрлерін дамытуға ерекше басымдық берілуде. Нәтижесінде облысымызда 100-ден астам спортшы қысқы спорт түрлерімен жүйелі түрде айналысып, жоғары жетістіктерге қол жеткізіп жүр. Атап айтқанда, мәнерлеп сырғанаудан халықаралық турнирлердің бірнеше дүркін чемпиондары Артур Смағұлов пен Темірлан Якияев, сондай-ақ шорт-тректен ел біріншілігінің бірнеше дүркін чемпиондары Шахмардан Қалданов пен Төрбек Қасиет сынды Сыр спортшыларын мақтан тұтамыз. Осы орайда мүз айдынында бақ сынайтын сайыпқырандарға сәттілік тілеймін! Жеңіс мықтыларға бұйырсын! – деді басқарма басшысы.

Бүгінгі байрақты бәсекеге Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен еліміздің өзге де өңірлерінен 12 команда, 170-ке жуық спортшы қатысуда.

Үш күнге созылатын жарыстың қорытындысы 13 ақпанда белгілі болады. Жеңімпаздар арнайы дипломдармен және медальдармен марапатталады.

АУДИТ ҚОРЫТЫНДЫСЫ: 2025 ЖЫЛЫ 85 АУДИТОРЛЫҚ ІС-ШАРА ЖҮРГІЗІЛДІ

Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті 2025 жылы 85 аудиторлық іс-шара жүргізіп, оның 78 - нен қаржылық бұзушылықтар анықталған. Бұл - тексерілген материалдардың 91,8 пайызы құрап отыр. Анықталған заңбұзушылықтарға байланысты департамент тарапынан 84 нұсқама жолданып, білім беру, құрылыс, денсаулық сақтау және өзге де салалардағы жауапты тұлғалар тәртіптік жауапкершілікке тартылған. Бұл туралы Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департамент басшысы Ербол Күзембаев мәлімдеді.

– Аудит материалдары, прокуратура органдарының ұсынымдары және тексеру комиссиясының деректері негізінде 189 лауазымды тұлғаға қапсты 455 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылған. Тексеру нәтижесінде бюджет қаражатын ұрлау және артық аудару белгілері бар 10 аудит материалы Қызылорда облысының прокуратурасына жолданды. Нәтижесінде ҚР Қылмыстық кодексінің 189-бабы бойынша 6 қылмыстық іс қозғалып, тергеу аяқталған соң істер сот қарауына жіберілген.

Сонымен қатар департамент онлайн бюджеттік мониторинг

жүргізу арқылы білім, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларындағы төлемдерді бақылауда ұстауда. 11 тәуекел бейіні бойынша жүргізілген мониторинг нәтижесінде 482 күмәнді төлем анықталып, бюджетке және ұйымдарға тиісті қаржы қайтарылған. Департамент өкілдері мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор басшыларын қаржы-шаруашылық қызмет пен мемлекеттік сатып алу рәсімдерін заң талаптарына сай жүргізуге шақырып, бюджет қаржысының мақсатты әрі тиімді жұмсалуына бақылау жалғаса береді,- деді Ербол Қабаштайұлы.



ЛИФТ ІСТЕН ШЫҚҚАН ЖАҒДАЙДА ҚАЙДА ХАБАРЛАСУ КЕРЕГІН БІЛЕСІЗ БЕ?

Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасына қарасты Жедел әрекет ету орталығы мен «РОВОТЕСН» ЖШС арасында Қызылорда қаласы аумағындағы лифт шаруашылығына қатысты мәселелерді жедел әрі тиімді шешу мақсатында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Меморандум аясында тараптар лифт жабдықтарына техникалық қызмет көрсету, ақауларды жедел анықтау және жою, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ лифт шаруашылығын иңірлік бақылау және мониторинг жүйелері арқылы жетілдіру бағытында бірлескен жұмыстар жүргізуге келісті.

Аталған бастама лифтің үздіксіз әрі қауіпсіз жұмысын қамтамасыз етіп, тұрғындарға көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Ендігі кезекте көпқабатты тұрғын үйлердегі лифт жұмысына қатысты ақаулар, істен шығу, қауіпсіздікке байланысты күмәнді жағдайлар немесе қызмет көрсету сапасы жөніндегі мәселелер туындаған жағдайда қала тұрғындары 109 – Бірыңғай байланыс орталығына хабарласа алады.

«Ел тілегі» ақпарат



«АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА 46 ЖОБАҒА ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН НЕСИЕ БЕРІЛДІ

Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Ауыл аманаты» жобасы өңірде нақты нәтижесін беруде. Бағдарлама аясында қала бойынша 46 жобаға 359 млн 500 мың теңге көлемінде жеңілдетілген несие берілді. Бұл ауыл тұрғындарының кәсіп ашуына және табысын арттыруына мүмкіндік жасады. Бұл туралы Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатовтың қатысуымен өткен баспасөз конференциясында белгілі болды.

"Қызылорда қаласында «Өңірлік инвестициялық орталығы» арқылы өнеркәсіп саласындағы 20 жоба қолдау тауып, жалпы көлемі 627 млн теңге қаржыға қол жеткізді. Бұл бастамалар өндірістік әлеуетті арттырып, жана жұмыс орындарын ашуға жол ашты. Кәсіпкерлікті қаржылай қолдауда екінші деңгейлі банктердің де үлесі зор. Осы арна арқылы 86 кәсіпкер жалпы сомасы 4 млрд 600 млн теңге көлемінде жеңілдетілген несие алып, өз ісін кеңейтуге мүмкіндік алды. Нәтижесінде Қызылорда қаласындағы кәсіпкерлер саны 35 мыңнан асып, бұл салада жұмыспен қамтылған азаматтар саны 63 мыңға жетті", - деді қала әкімі Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен

баспасөз конференциясында.

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері тарапынан өндірілген өнім көлемі 374 млрд 752 млн теңгені құрады. Бұдан бөлек, құны 240 млрд теңге болатын 16 жаңа инвестициялық жоба іске асырылды.

"Инвестициялық жобалармен қатар, қаладағы сауда инфрақұрылымын жаңғыртуға да басымдық беріп отырмыз. Қазіргі таңда тұрғындар арасында "Жаңа базар" және "Ескі базар" аталып кеткен екі ірі сауда орталығы кезең-кезеңімен қайта жаңартылуда. Аталған жобалар қала экономикасын әртараптандыруға, кәсіпкерлік белсенділікті арттыруға және тұрғындардың тұрақты жұмыспен қамтылуына оң ықпал етуде", - деді Нұржан Сәбитұлы.



ҚЫЗЫЛЖАРМА: МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ТУРАЛЫ

Бүгінгі күні мемлекеттік қызмет көрсетудің басты мақсаттарының бірі - халыққа сапалы қызмет көрсету. «Қызылорда қаласының Қызылжарма ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызмет көрсетудегі басты мақсаттарының бірі – Қызылжарма ауылдық округінің халқына, аз қамтылған отбасыларға, жұмыссыз азаматтарға, ардагерлерге, мүгедектігі бар адамдарға және өзге де жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсетуді ұйымдастыру.

Осы мақсатта «Қызылорда қаласының Қызылжарма ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан заңды және жеке тұлғаларға 6 мемлекеттік қызмет түрлері көрсетіледі: "Жер учаскесінің жалдау мерзімін ұзарту" , «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру», «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу», «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскелерін беру», «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою», «Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату».

Мемлекеттік қызметті электронды алу үшін көрсетілетін қызметті алушыға электрондық цифрлық қолтаңбаны алу, сондай-

ақ «электрондық үкіметтің» веб-порталында (www.egov.kz) немесе электрондық лицензиялауда (www.elicense.kz) тіркелу қажет.

Тұтынушыларға ақпараттық қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында стандарттарға сәйкес ақпараттық тактайшалар орнатылған.

Сондай-ақ Әкімшілік ғимаратта халықтың уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Өзіне өзі қызмет көрсету бұрышы» орналастырылған.

Көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлерінің сапасын арттыру және атқарушылық тәртіптің деңгейін көтеру күнделікті бақылауда.

А.ОРЫНБАЙ,
Қызылжарма ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы

МЕМЛЕКЕТ ТҰРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІН БЕРУ ЕРЕЖЕЛЕРІН ЖАҢАРТТЫ: ЕНДІ БӘРІ АШЫҚ ЖӘНЕ ОНЛАЙН ҚОЛЖЕТІМДІ

Тұрғын үй көмегі – бұл Қазақстандағы аз қамтылған азаматтар мен отбасыларға арналған мемлекеттік төлем. Оның негізгі мақсаты – мемлекеттік тұрғын үй қорынан алынған тұрғын үй, коммуналдық қызметтер және тұрғын үйді жалға алу шығындарының бір бөлігін өтеу.

Мемлекет әлеуметтік осал азаматтарды қолдайды және цифрландыру арқылы процестің ашықтығын қамтамасыз етеді.

Өтініш беру процесі барынша жеңілдетілген және қолжетімді: порталда электрондық өтінім беру мүмкіндігі көзделген egov.kz. Бұл ретте өтініш беруші мен оның отбасы туралы түйінді мәліметтер (жылжымайтын мүліктің болуы, тұрақты тіркеу, кірістер, банк шоты) мемлекеттік органдарға сұрау салу арқылы тексеріледі. Кірістер туралы мәліметтер ақпараттық жүйелер арқылы тексеріледі.

Өтінімді тіркеу үшін отбасының кәметке толған мүшелерінен келісім алу қажет. «Әлеуметтік көмек» ААЖ-де белгіленген лимиттерді ескере отырып, нормативтік есеп жасалады, бұл шешім қабылдау процесін жылдам және ыңғайлы етеді.

Өтінімді тіркеу үшін отбасының кәметке толған мүшелерінен келісім алу қажет. «Әлеуметтік көмек» ААЖ-да белгіленген лимиттерді ескере отырып, нормативтік есеп жасалады, бұл шешім қабылдау процесін жылдам және ыңғайлы етеді.

2025 жылы тұрғын үй көмегін қалай алуға болады: кезең-кезеңімен талдау

Тұрғын үй көмегі аз қамтылған азаматтарға және табысы төмен отбасыларға беріледі, ал тұрғын үйге, коммуналдық қызметтерге және тұрғын үйді жалға алуға арналған шығыстар (егер ол мемлекеттік тұрғын үй қорынан алынса) өңірде белгіленген шекті мөлшерден асып кетсе, онда бұл көмек беріледі.

Тұрғын үй көмегін өзінің жалғыз тұрғын үйінде тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорынан жалға алған азаматтар ала алады.

Кім аз қамтылған деп есептеледі? Бір тұрғын үйде тұратын және отбасының барлық табысына шаққандағы тұрғын үйге, коммуналдық қызметтерге немесе (мемлекеттік қордан жалға алған жағдайда) баспананы жалдауға жұмсайтын нақты шығындары, мәслихат белгілеген шекті деңгейден (10%-дан) асып кететін отбасылар аз қамтамасыз етілген деп есептеледі.

Көмек алудың негізгі шарттары:

1. Тіркеу және тұру: көмек тек тұрақты тіркелген және нақты тұрған жері бойынша ғана көрсетіледі.

2. Жалғыз тұрғын үй: көмек тек бір тұрғын үй-жайға беріледі. Азаматтар өздерінің жалғыз тұрғын үйінде тұруы немесе оны мемлекеттік тұрғын үй қорынан жалға алуы тиіс.

3. Табыстарды есепке алу: Отбасының табысы өтініш берген тоқсанын алдындағы тоқсан бойынша есептеледі. Кірістің барлық түрі есепке алынады: жалақы, жәрдемақы, алимент, бизнестен түсетін кіріс, жалға алу, бағалы қағаздар, сыйға тарту және т.б. Тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларында

көрсетілгендерді қоспағанда (Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 117 бұйрығы).

4. Тағайындау кезеңі: Тұрғын үй көмегі бір тоқсанға (3 айға) беріледі. Осы мерзім аяқталған соң қайтадан өтініш беріп, табыс пен шығынды растап отыру қажет. Мемлекеттік қызметті қайта алу мүмкіндігі қарастырылған.

Коммуналдық қызметтер кімге өтеледі? Жаңа нормалар және тағайындау тәртібі

Тұрғын үй көмегі аз қамтамасыз етілген азаматтарға келесі шығындардың бір бөлігін өтеуге арналған:

- коммуналдық қызметтер: су, жарық, жылу, газ;
- тұрғын үйді және үй маңындағы аумақты күтіп-ұстау;
- күрделі жөндеу;
- байланыс қызметтері (мысалы, телефон үшін абоненттік төлем);
- мемлекеттік тұрғын үй қорынан алынған тұрғын үй үшін жалдау ақысы.

Нені білу маңызды:

- көмек тек бір тұрғын үй-жайға ғана көрсетіледі;
- көмек жеке тұлғадан жалға алынған үйдің төлемдеріне қатысты емес;
- көмек коммуналдық қызметтерді нормативтен тыс тұтынушы жаппайды
- көмек тұрғын үй алаңының белгіленген нормаларынан асатын тұтынуды жаппайды;
- табысты жасырған жағдайда көмек тоқтатылып, қайтарылуы талап етілуі мүмкін.

Енді тұрғын үй көмегі қалай есептеледі: бірінші лимиттер және бір адамға 18 шаршы метрден артық емес мөлшерде, ал жалғыз тұратын адамдар үшін 31 шаршы метрден кем емес нормасы болу шарт.

Тұрғын үй көмегі отбасының нақты шығындарын өңірде белгіленген рұқсат етілген шығын үлесімен салыстыру арқылы есептеледі.

Есептеу формуласы:

Тұрғын үй көмегі = Отбасының нақты шығындары (коммуналдық төлемдер, тұрғын үй мен аула аумағын күтіп-ұстау, күрделі жөндеу, жалдау ақысы және т.б.) – Рұқсат етілген шығын деңгейі.

Рұқсат етілген шығын деңгейі – бұл отбасының жиынтық табысынан пайыз түрінде есептелетін шек. Егер тұрғын үйге кеткен шығындар осы пайыздан асып кетсе, мемлекет артық бөлігін өтейді.

Бұл пайыз мөлшерін жергілікті мәслихат белгілейді.

Рұқсат етілетін үлес мөлшерін мәслихат белгілейтіндіктен, көмек шарттары мен критерийлері әр аймақта әр түрлі болуы мүмкін.

«Әлеуметтік көмек» ААЖ-де нақты өңірде коммуналдық қызметтерге белгіленген лимиттерді ескере отырып, нормативтік есеп жасау жүргізіледі.

Тұрғын үй көмегі: 15 минутта онлайн өтініш беруге болады
Өтініш беру екі тәсілмен жүзеге асырылуы

мүмкін:

1. eGov.kz порталы арқылы (қызмет «Тұрғын үй көмегін тағайындау» деп аталады).

2. Тұрғылықты жері бойынша Халыққа қызмет көрсету орталығында (ХҚКО) жеке өзі.

Егер өтінішті электронды түрде берсеңіз, электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) қажет болады.

Өтініш беру және қарастыру бойынша нұсқаулық:

Бірінші кезең: Өтініш беру. Іс-қимыл: Азамат тұрғын үй көмегін алуға өтініш береді. Талаптар мен тексерулер: электрондық немесе жеке беру. Өтініш 6 жұмыс күні ішінде қаралады.

Екінші кезең: тексеру. Іс-қимыл: негізгі мәліметтерді тексеру үшін мемлекеттік органдарға сұрау салу жүргізіледі: жылжымайтын мүліктің болуы, тұрақты тіркеу, отбасы құрамы, банктік шот және мемлекеттік жалға берілетін тұрғын үйдің болуы.

Өтінімді тіркеу үшін мыналар қажет:

1) бірнеше жылжымайтын мүлкінің болуы туралы деректердің болмауы;

2) Отбасындағы кәмет жасына толған мүшелерінің келісімі.

Үшінші кезең: деректерді енгізу. Іс-әрекет: ұсынылған түбіртектерге сәйкес өткен тоқсандағы нақты шығындар енгізіледі. Талаптар мен тексерулер: Тұрғын үй көмегін көрсету ережесіне сәйкес растайтын құжаттарды енгізу қажет.

Төртінші кезең: қарау. Іс-әрекет: жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) өтінішті және кірістер, жылжымайтын мүлік, шығыстар бойынша нақты барлық мәліметті қабылдайды. «Әлеуметтік көмек» ААЖ-да нормативтік есеп жасалады. Талаптар және тексерулер: Өтініш 6 жұмыс күні ішінде қаралады.

Бесінші кезең: шешім және төлем. Іс-әрекет: Тұрғын үй көмегін тағайындау немесе бас тарту туралы шешім шығарылады. Өтініш берушіге хабарлама жіберіледі. Тізімдер ҚР КМ Қазынашылық комитетіне қаражатты өңдеу және аудару үшін жіберіледі.

Тұрғын үй көмегін рәсімдеу үшін мыналар қажет:

- Жеке куәлік;
- Өтініш берер алдындағы тоқсанға отбасының табысын растайтын құжаттар;
- Сол тоқсандағы коммуналдық қызметтерге (жылу, су, жарық, газ және т.б.), тұрғын үйді күтіп-ұстау мен күрделі жөндеуге төленген түбіртектер;
- Байланыс қызметтері үшін (телефон және т.б.) түбіртек немесе келісімшарт;
- Егер баспана мемлекеттік қордан жалға алынған болса – жалға алу шарты және төлем мөлшері көрсетілген құжат;
- Банктік есепшот нөмірі (IBAN).

Жалағаш аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

Шиелі ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 10 ақпандағы «Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» №34-қ Қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына сәйкес, сондай-ақ, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Шиелі ауданы бойынша бөлім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 21 қаңтардағы №1-10/54 хатын қарап, Шиелі ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы Сапарбаев Табиғатқа 2015 жылғы 23 желтоқсандағы жер учаскесін сатып алу –сату шарты негізінде жеке меншік құқығымен берілген, Шиелі кенті, Смайыл Кәрімбаев көшесі №37 мекенжайында орналасқан көлемі 0,0572 гектар объектілер құрылысы үшін (кадастрлық нөмірі 10-154-003-655) жер учаскесін

«№46 А.С.Пушкин» атындағы мектеп лицейіне қосымша оқу ғимаратын салу мақсатында мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылғы 06 мамыр болып белгіленсін.

3. Жер учаскесінің меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жүгінетін орын Шиелі кенті, И.Әбдікәрімов көшесі №11 мекенжайында орналасқан «Шиелі ауданының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып белгіленсін.

4. «Шиелі аудандық қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

5. «Шиелі ауданының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданысын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шиелі ауданының әкімі

А. Жандарбеков

Постановление акимата Шиелийского района от 10 февраля 2026 года №34-қ «О начале принудительного отчуждения земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд»

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе», а также рассмотрев письмо коммунального государственного учреждения «Отдел образования по Шиелийскому району» Управление образования Кызылординской области №1-10/54 от 21 января 2026 года, акимат Шиелийского района ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Начать процедуру принудительного отчуждения для государственных нужд земельного участка, предоставленного на праве частной собственности собственнику либо негосударственному землепользователю Сапарбаеву Табиғату на основании договора купли-продажи земельного участка от

23 декабря 2015 года, расположенного по адресу: поселок Шиелі, улица Смаила Каримбаева №37, площадью 0,0572 гектар для строительства объектов (кадастровый номер 10-154-003-655), в целях строительства дополнительного учебного корпуса к школе-лицею имени «№46 А.С. Пушкина».

2. Установить срок принудительного отчуждения земельного участка 06 мая 2026 года.

3. Определить место обращения собственника земельного

участка либо негосударственного землепользователя: коммунальное государственное учреждение «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Шиелийского района», расположенное по адресу: поселок Шиелі, улица И. Абдыкаримов №11.

4. Коммунальному государственному учреждению «Отдел общественного развития Шиелийского района» опубликовать настоящее постановление в средствах массовой информации в течение трех рабочих дней со дня его принятия.

5. Коммунальному государственному учреждению «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Шиелийского района» уведомить собственников земельных участков, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима района, курирующего данное направление.

7. Настоящее постановление вводится в действие со дня его подписания.

Аким Шиелийского района

А. Жандарбеков

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ 2025 ЖЫЛЫ ӘМСҚ-ҒА ҚАНДАЙ СҰРАҚТАРМЕН ЖҮГІНДІ



Қызылорда облысының тұрғындары ӘМСҚ-ға қандай сұрақтармен жүгінді

QOLDAU 24/7 1414 SAQTANDYRYBOT

2025 жылы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына кері байланыс арналары арқылы Қызылорда облысының тұрғындарынан медициналық қызметтерді алу бойынша 2 669 өтінім келіп түсті. Олардың қатарында пациенттердің алғыстары, шағымдары мен ұсыныстары бар.

Қор филиалының мәліметінше, өтініштердің басым бөлігі кеңес беру сипатында болды. Азаматтарды МӘМС жарналарын төлеу тәртібі, медициналық қызметтер мен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, жолдамалар мен еңбекке уақытша жарамсыздық парақтарын рәсімдеу, сондай-ақ медициналық көмекті көрсету шарттары, жеңілдік санаттары мен тізімдердегі өзгерістерге қатысты түсіндірулер қызықтырған.

2025 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша

Қор жүйесіне барлығы 736 шағым түскен. Бұл 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 111 шағымға немесе 11,9%-ға аз.

Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда қайтарып алынған шағымдардың үлесі 51,1% -дан 56,3%-ға дейін өсті. Атап айтқанда, 736 шағымның 415-і (56,3%) пациенттерді қолдау қызметтері мен медициналық ұйымдардың ішкі сараптама бөлімдері арқылы «осы жерде және дәл қазір» қағидаты бойынша қайтарып алынған немесе шешімін тапқан.

Қызылордалықтар ең көп шағымды келесі мәселелер бойынша жолдаған:

- 1) медициналық көмектің сапасыз көрсетілуі – 294 (39,9%);
- 2) медициналық көмек көрсетуден бас тарту – 238 (32,3%);
- 3) ТМККК және МӘМС шеңберінде дәрілік заттарды беруден бас тарту – 94 (12,8%).

Осылайша, өтініштердің негізгі бөлігі медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасына, сондай-ақ пациенттерді дәрілік заттармен қамтамасыз етуге байланысты.

«МӘМС жүйесі іске қосылғалы Қорда кері байланыстың бірнеше арнасы жұмыс істейді: msqorg.kz ресми сайты, Qoldau 24/7 мобилді қосымшасы және 1414 байланыс орталығы. Азаматтардан түскен барлық өтінімдер міндетті түрде қаралады және толық шешілгенге дейін бақылауда болады», – делі Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Жаксылық Абдусаметов.

Сондай-ақ Қор филиалында азаматтардың өтініштерін талдау денсаулық сақтау саласындағы жүйелі мәселелерді анықтауға, сондай-ақ МӘМС пен ТМККК аясында медициналық көмектің ашықтығын, қолжетімділігі мен сапасын арттыру үшін халықтың кері байланысын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалы



ТАБИҒАТҚА ҚАМҚОР БОЛАЙЫҚ

«Жаңақорған орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміндегі жалпы орман қоры жері 791 557 га жерді құрайды. Оның ішінде орманды жерлер 691 639 га, ормансыз жерлер 99 918 га, орманмен қамтылған алқабы 541 756 га болып бөлінген.

Жоғарыда аталған орманмен қамтылған алқабы 541 756 га жердің 4,4 % пайызын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандағы N 1034 қаулысымен бекітілген. Өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесін енгізілген Тораңғыл терек (*Populus trichocarpa*, Тополь сизилистан) ағашы құраса, ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 2024 жылғы 30 қазандағы № 260 бұйрығымен. ҚР мемлекеттік орман қоры ұчаскелеріндегі сексеуіл ормандарында ағаш кесудің барлық түріне 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін тиым салынған. Сексеуіл – (лат. *Haloxylon*) ділі мен бұтақтары бұран – бұран боп келетін, құмды жерлерде өсетін, шөлге төзімді, морт сынатын, жапырақсыз қатты ағаш тұқымдас өсімдік. Оның орталық Азия мен Араб елдерінде онға жуық түрі бар. Соның үшеуі Қазақстанда өседі. Олар: ак сексеуіл, қара сексеуіл және Зайсан сексуілі. Жалпы бұл өсімдіктер Қазақстандағы орман қорының 48 пайызын алып жатса, Біздің Жаңақорған орман шаруашылығының жері 791 557 га жердің 82,2 % пайызды құраған.

ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 23.02.2023 жылғы № 61 санды бұйрығына сәйкес, орман заңнамасын бұзудан келтірілген залалдың мөлшерін есептеуге арналған базалық ставкаларды бекіту туралы» бұйрығында Қазақстан Республикасының "Қызыл Кітабына" енгізілген Тораңғыл ағашын шапқаны үшін әр бір данасына келесідей шығындары есептелінеді:

1. Өсуін тоқтату дәрежесіне дейін зақымдаған жағдайда әр түбіне 500 АЕК мөлшерінде, яғни 2 162 500 теңге көлемінде залал есептелінеді.

2. Өсуін тоқтату дәрежесіне дейін жойғаны немесе зақымданған жағдайларда - әр түбіне 1000 АЕК яғни 4 325 000 теңге көлемінде залал есептелінетіндігін ескертеді.

Сонымен қатар ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық

туралы Кодексінің 381-1 бабының 2-бөлігімен мемлекеттік орман қоры жерлерінде ағаштар маен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау, заңсыз кесілген Сексеуіл ағаштар мен бұталары және құдық бұзушылық жасаған көлік құралдары және өзге де заттары тәркілене отырып, жеке тұлғаларға 50 айлық есептік көрсеткішпен 216 250 теңге, лауазымды тұлғаларға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға 150 айлық есептік көрсеткішпен 648 750 теңге көлемінде айыппұл салуға екіліп соғалады.

Және де "Ормандардағы өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қазандағы № 18-02/942 санды бұйрығының 14 тармағында - "Өрт қаупі бар маусымда орман қоры аумағында - от жағуға; жанып тұрған шырпыны, темекі тұндырып тастауға; жанар-жағармай заттары сінген сұрту материалын олар үшін арнайы көзделмеген орындарда қалдыруға; жанар май құйылып жатқан машиналардың жанында шылым шегуге немесе ашық отты пайдалануға тыйым салынатындығын жеткізеді.

Аталған қағидадан талаптарын сақтамай, ормандарда өрт қауіпсіздігі талаптары мен санитариялық қағидаларды бұзған жағдайда ҚР ӘҚБтК-нің 367 бабында жауапкершілік қарастырылғанын, яғни жеке тұлғаларға 10 АЕК мөлшерінде (43 250 теңге) айыппұл салуға, ал өрттің шығуына, адамның денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтіруге әкеп соққан дәл сол іс-әрекет - жеке тұлғаларға – 25 АЕК мөлшерінде (108 125 теңге) айыппұл салуға әкеп соғатынын ескертеді.

Қорыта келгенде, орман – еліміздің баға жетпес байлығы, халықтың дәулеті, теңдесі жоқ экономикалық және экологиялық қорымыз. Сыр елінің табиғатын қорғау, сақтау, мөлайту жұмыстары алдағы уақытта өз жалғасын таба беретін болады. ҚР әрбір азаматы өзі өмір сүріп отырған табиғатты қорғауға және ұқыпты ұстауға міндетті!

"Жаңақорған орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі" Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖЫЛУ ЖҮЙЕСІН АВТОМАТТАНДЫРУДАҒЫ ЖАНА ТЕНДЕНЦИЯЛАР: XXI ҒАСЫР ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Өндіріс орындарын автоматтандыру – заманауи технологиялардың қарқынды дамуы аясында әлемдік экономиканың басты бағыттарының бірі. Бұл процесс адамның тікелей қатысуынсыз өндірістік процестерді басқару мен бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Автоматтандыру адамның қолымен орындалатын күрделі, қауіпті және қайталанатын жұмыстарды арнайы машиналар, роботтар және бағдарламалық жүйелер арқылы ауыстыруға бағытталған. Бұл еңбек өнімділігін арттыруға, шығындарды азайтуға және өнім сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

XXI ғасыр – инновациялық технологиялардың ғасыры. Жасанды интеллект, робототехника, заттар интернеті (IoT), үлкен деректер (Big Data), бұлттық технологиялар және қосымша шындық (AR) сияқты заманауи шешімдер өндірісті автоматтандырудың жаңа деңгейін қалыптастыруда. Бұл технологиялар өндіріс процестерін оңтайландыруға ғана емес, сонымен қатар экологиялық таза және тұрақты өндіріс жүйелерін құруға мүмкіндік береді. Осылайша, автоматтандыру қоғамның барлық салаларына әсер етіп, экономикалық және әлеуметтік өзгерістерге жол ашады.

Өндірісті автоматтандырудың маңызды аспектілерінің бірі – адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Қазіргі уақытта өндірістік орындарда орын алатын көптеген қауіпті және ауыр жұмыстарды роботтар мен автоматтандырылған жүйелер атқарады. Бұл тек жұмыс орындарындағы қауіпсіздікті арттырып қана қоймай, адамдарға шығармашылық және интеллектуалды еңбектің жаңа түрлерімен айналысуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, автоматтандыру арқылы өндірістегі адам қателіктерін азайтып, өнімнің сапасын жақсартып, ресурстарды тиімді пайдалануға болады.

Автоматтандырудың пайдасы тек кәсіпорындар үшін ғана емес, жалпы экономиканың даму үшін де зор. Автоматтандырылған жүйелер өндіріс жылдамдығын арттырып, өнімді жаппай өндіруге жағдай жасайды. Бұл кәсіпорындарға шығындарды төмендетіп, нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, автоматтандыру кәсіпорындардың жаһандық нарықтарға шығуын жеңілдетіп, инновациялық экономиканың дамуына ықпал етеді.

Қазақстан үшін өндіріс орындарын автоматтандыру ерекше маңызды. Ел экономикасы жаһандық өзгерістерге бейімделу үшін жаңа технологияларды енгізуді қажет етеді. Автоматтандыру арқылы еліміздің өнеркәсіптік әлеуетін арттырып, өндіріс орындарының тиімділігін қамтамасыз етуге болады. Сонымен қатар, бұл кадам экономикалық өсудің жаңа көздерін ашып, Қазақстанның әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті елдер қатарына кіруіне мүмкіндік береді.

Осы баяндамада өндіріс орындарын автоматтандырудың негізгі принциптері, заманауи тенденциялары, артықшылықтары және оның болашақтағы рөлі қарастырылады. Автоматтандыру тек қана технологиялық жетістік емес, ол – экономикалық, әлеуметтік және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ететін маңызды фактор. Бұл тақырып әрбір жас маман мен болашақ технологияларды дамытуға қызығушылық танытқан адамдар үшін ерекше өзекті.

Жылу энергетикасы саласындағы автоматтандырудың негізгі артықшылықтары – автоматтандыру қондырғылардың тиімділігін арттыруға, қауіпсіздікті жақсартуға және шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

Қызмет көрсету саласын автоматтандыру жылу жүйесінде - автоматтандыру қондырғылардың техникалық жағдайын бақылауға, ақауларды ерте анықтауға және жөндеу жұмыстарын жоспарлауға мүмкіндік беруде маңызды рөл атқарады.

Жылу жүйелерін автоматтандырудағы және маңызды тенденциялардың бірі - бұл «ақылды үй» технологиияларының англвзілуі. Бұл технология арқылы жылу жүйелерін қашықтан басқаруға, температураны бақылауға және энергия тұтынуын оңтайландыру болады. «Ақылды үй» жүйелеріне арналған сенсорлар мен бағдарламалар жылу жүйелерінің жұмысын үздіксіз бақылап, қажет болған жағдайда автоматты түрде реттейді.

Ақылды үй технологиясы тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға, уақытты үнемдеуге және үйді басқаруды жеңілдетуге бағытталған.

Ақылды үй жүйесінің артықшылықтарына температураны реттеу, жарықтандыруды басқару және үйді автоматтандыру мүмкіндіктері жатады. Алайда, ақылды үй жүйесінің қымбаттығы, киберқауіптер және жеке өмірге қауіп төндіру қаупі сияқты кемшіліктері де бар.

Тағы бір маңызды тенденция - бұл жанартылатын энергия көздерін пайдалану. Күн энергиясы, жел энергиясы және геотермалды энергия сияқты жанартылатын энергия көздері жылу жүйелерін қуаттандыру үшін қолданыла бастады. Бұл технологияи экологиялық таза және тиімді болып табылады, сонымен қатар энергия тұтынуын азайтуға және көмірқышқыл газының шығарындыларын төмендетуге көмектеседі.

Жылу жүйелерін автоматтандырудағы тағы бір маңызды тенденция - бұл жасанды интеллект (ЖИ) технологиияларының англвзілуі. AI технологиясы жылу жүйелерінің жұмысын талдауға, энергия тұтынуын болжауға және жүйенің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жылу жүйелерін автоматтандырудағы бұл жаңа тенденциялар ғимараттардың энергия тиімділігін арттыруға, шығындарды азайтуға және қоршаған ортаны қорғауға көмектеседі. Бұл технологиялардың дамуы жалғасып, жылу жүйелерінің жұмысын одан әрі жақсартуға және тұрақты дамуға ықпал етеді.

Жылу жүйелерін автоматтандырудың қоғамға қандай әсері бар?

Жылу жүйелерін автоматтандыру - бұл қоғамның энергия тұтынуын тиімді пайдалануға және экологиялық ізді азайтуға бағытталған маңызды технологиялық жетістік. Бұл жүйелер ғимараттардың жылыту, салқындату және желдету жүйелерін басқару үшін сенсорлар, бағдарламалық жасақтама және автоматтандырылған құрылғыларды пайдаланады. Сондай-ақ, энергия шығынын азайту, температураны дәл басқару және жайлылықты арттыру мүмкін болады.

Автоматдырылған жылу жүйелерінің қоғамға әсері көптеген салаларда байқалады. Біріншіден, бұл жүйелер энергия тұтынуының тиімділігін арттырады. Автоматдырылған басқару арқылы ғимараттардың жылыту және салқындату жүйелелері тек қажет болған кезде жұмыс істейді, бұл энергия шығынын айтарлықтай азайтады. Бұл, өз кезегінде, жанартылатын энергия көздеріне деген тәуелділікті азайтуға және көмірқышқыл газының шығарындыларын төмендетуге көмектеседі.

Екіншіден, автоматтандырылған жылу жүйелелері ғимараттардың жайлылығын арттырады. Бұл жүйелер температураны дәл басқаруға мүмкіндік береді, бұл әрбір бөлмедегі жайлылықты қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, автоматтандырылған жүйелер сапасын бақылауға және жақсартуға көмектеседі, бұл денсаулыққа пайдалы әсер етеді.

Үшіншіден, автоматтандырылған жылу жүйелелері ғимараттардың техникалық қызмет көрсетуін жеңілдетеді. Бұл жүйелер техникалық қызмет көрсетудің қажеттілігін алдын ала анықтауға және оларды жоспарлауға мүмкіндік береді, бұл жұмыс уақытының жоғалуын және күтпеген шығындарды болдырмайды. Сонымен қатар, автоматтандырылған жүйелер техникалық қызмет көрсетудің тиімділігін арттырады, бұл жұмысшылардың қауіпсіздігін арттырады.

Төртіншіден, автоматтандырылған жылу жүйелелері қоғамның тұрақты дамуына үлес қосады. Энергия тұтынуы азайту және көмірқышқыл газының шығарындыларын төмендету арқылы бұл жүйелер климаттың өзгеруіне қарсы күресуге көмектеседі. Сонымен қатар, автоматтандырылған жылу жүйелелері ресурстарды тиімді пайдалануға және қоршаған ортаны қорғауға ықпал етеді.

Автоматдырылған жылу жүйелерінің қоғамға әсері айқын. Бұл жүйелер энергия тұтынуы азайтуға, жайлылықты арттыруға, техникалық қызмет көрсетуді жеңілдетуге және тұрақты дамуға үлес қосады. Қоғамның энергия тұтынуын тиімді пайдалануға және экологиялық ізді азайтуға бағытталған бұл технологиялық жетістік болашақта да маңызды рөл атқаратын болады.

Автоматдырылған жылу жүйелері ғимараттардың жылуын тиімді басқаруға, энергия үнемдеуге және шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

Автоматтандырудың басты артықшылықтарының бірі - адамның қатысуынсыз орындалатын күрделі және қауіпті жұмыстардың үлесін арттыру. Бұл адамдардың жұмыс істеу қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, олардың уақытын шығармашылық және интеллектуалды еңбекке жұмсауына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, роботтар мен бағдарламалық жүйелер тәулік бойы үздіксіз жұмыс істей алады, бұл өндіріс көлемін арттырып, уақытты тиімді пайдалануға жағдай жасайды.

Экологиялық тұрғыдан алғанда да автоматтандырудың пайдасы зор. Энергияны үнемдеу, қалдықтарды қайта өңдеу және өндіріс процестерінің экологиялық тазалығын бақылау автоматтандыру жүйелерінің арқасында айтарлықтай жақсаралы. Мұндай технологиялар экологиялық мәселелерді шешуге және тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге көмектеседі.

Қорытындылай келе, өндіріс орындарын автоматтандыру – заман талабы. Ол тек экономиканы ғана емес, бүкіл қоғамды жаңғыртуға бағытталған үдеріс. Осы технологиялық өзгерістердің артықшылықтарын тиімді пайдалану арқылы біз заманауи, тұрақты және инновациялық өндірісті құра аламыз. Автоматтандырудың болашағы – адамның шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға, жұмыс сапасын жақсартуға және экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған. Бұл болашаққа жасалған қадам ғана емес, ұлттың жаһандық экономикалық дамудағы орнын нығайтуға берілген мүмкіндік.

Әдебиеттер тізімі:

1. Джордан, Р.-«Смарт үй жүйелері: Энергия тиімділігі және автоматтандыру».
2. Тим, Х. – «XXI ғасырдағы энергия тиімділік технологиялары: Жылу және салқындату жүйелерінің автоматтандыруы».
3. Петров, С. В. –«Энергияны үнемдеу және автоматтандырылған жылу жүйелері».
4. Ян, Л.-«Интеллектуалды жүйелер және энергия басқару: Жылу жүйелерін автоматтандыру».
5. И. С. Мищенко-«Автоматизация производственных процессов».

Нағашыбай Аружан Ерланқызы
Жетекшісі: Нурманова Динара
Сейтхановна (арнайы пән оқытушысы)
И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда
политехникалық жоғары колледжі

Меншік иесі:
«Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Бас редактор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Рысбай Кәрімов

Жауапты хатшы
Зибах ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде қайта тіркеліп, 2025 жылдың 30 маусым айында есепке алу туралы номері КЗ 53VPY00123138 берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001:2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – ғ, 19.10.2007 ж

Редакцияның
мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 8536 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №30
E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/